



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2019 жылғы 26 наурыз

2019 жылғы 15 наурыздан 22 наурыз аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу¹

20 наурыздағы² сауда-саттық қорытындылары бойынша **теңгенің нарықтық бағамы** бір АҚШ доллары үшін бір апта ішінде 0,1%-ға нығайып (378,51-ден), 378,17 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюталық нарықта 2019 жылғы 15 наурыздан 22 наурыз аралығында неғұрлым маңызды оқиғалар қаңтарда АҚШ ФРЖ-нің пайыздық мөлшерлемені 2,25-2,5%-дық аралықта сақтау туралы шешімі, АҚШ Орталық банкінің ІЖӨ-нің 2019 жылы 2,1%-ға дейін өсуі болжамының төмендеуі, АҚШ пен Еуроаймақтың өндірістік секторында іскерлік белсенділіктің баялауы туралы деректерді жария ету, ЕО-ның Ұлыбританияның Еуроодақтан шығуын кейінге қалдыруға келісімі болды. Аталған факторлар АҚШ доллары бағамының дамыған елдердің валюталарымен салыстырғанда әлсіреуіне әкелді.

Дамушы елдердің валюта бағамдарының³ АҚШ долларына қарағанда серпіні мынадай түрде қалыптасты:


- **Индонезия рупиясы** инвесторлардың тәуекел активтері сентиментінің жақсаруы және АҚШ ФРЖ-нің жұмсақ риторикасы аясында 0,7%-ға (14 260-тан 14 163-ке дейін) нығайды;
- **Мексика песосы** АҚШ ФРЖ-нің мөлшерлемені бұрынғы деңгейде сақтап қалу, сондай-ақ Комитет мүшелерінің басым бөлігінің оны 2019 жылы көтермеу туралы болжамдарының аясында 0,6%-ға (19,21-ден 19,09-ға дейін) нығайды;
- **Ресей рублі** салықтық кезеңнің және шетелдік инвесторлардың ФҚО-ға қызығушылығының артуы аясында 0,2%-ға (64,8-ден 64,65 - ке дейін) нығайды;
- **Үндістан рупиясы** портфельдік инвестициялар түріндегі шетелдік капиталдың әкелінуі аясында 0,2%-ға (69,1-ден 68,96-ға дейін) нығайды;
- **Оңтүстік Африка ранды** Германия, Франция және АҚШ-тағы іскерлік белсенділіктің баялауы туралы деректерді жариялаудан кейін әлемдік экономиканың өсу қарқынының бәсеңдеуіне байланысты инвесторлардың қауіптенуі аясында 0,7%-ға (14,4 –тен 14,5-ке дейін) әлсіреді;
- **Бразилия реалы** саяси тәуекелдердің өсуі аясында 2,4%-ға (3,81 –ден 3,91-ге дейін) әлсіреді; Бразилияның бұрынғы Президенті сыбайлас жемқорлыққа күдіктілік бойынша тұтқындалған болатын;
- **Түрік лирасы** Түркия ОБ-нің таза халықаралық резервтерінің төмендеуі аясында 5,7%-ға (5,45 –тен 5,76-ға дейін) әлсіреді.

¹ шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ашық дереккөздердің негізінде апта сайын дайындайды


² 21-22 наурыз – Қазақстанда мереке күндері

³ АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары.



Дамушы елдердің валюталары бағамдарының АҚШ долларына қарағанда өзгеруі, %
(2019 жылғы 15-22 наурыз)



Дамушы елдердің валюталары бағамдарының АҚШ долларына қарағанда өзгеруі, %
(2019 жылдың басынан бастап 22 наурыз аралығында)



Дамушы елдер валютасының серпіні (8 наурыз 2019=100, индекстің өсуі – валютаның нығаюы)



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мынадай телефон бойынша алуына болады:
 +7 (727) 704 585
 e-mail: press@nationalbank.kz
www.nationalbank.kz